

PHILIPS

Құлаққап

6000 қатары

ТАН6005



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2

2	Сымсыз ТД құлаққабы	3
	Қораптағы заттар	3
	Сымсыз ТД құлаққабын шолу	4

3	Іске кірісу	5
	Бастау	5
	Жалғау	6
	ЖШД күйлері	7

4	Техникалық деректер	8
---	---------------------	---

5	Жиі қойылатын сұрақтар	9
---	------------------------	---

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Есту қауіпсіздігі



Қауіп

- Есту мүшесіне зақым келмеуі үшін құлаққапты жоғары дыбыс деңгейімен қолдану уақытын шектеңіз және дыбыс деңгейін қауіпсіз мәнге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқа болады.

Гарнитураны қолданған кезде, мына нұсқауларды сақтаңыз.

- Қысқынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Құлағыңыз үйреніп кеткен сайын, дыбыс деңгейін жоғарылата бермеңіз.
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Қауіп төнуі мүмкін жағдайларда абайлап қолдану немесе қолдануды уақытша тоқтату қажет.
- Құлаққаптың шамадан тыс дыбыс қысымы керемдікке себеп болуы мүмкін.
- Көлік айдаған кезде, құлаққапты екі құлақты да жауып қолданған дұрыс емес және ол кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жолда немесе басқа қауіпті болуы мүмкін орталарда музыкаға немесе телефон қоңырауларына назарыңызды бөліп жіберуіне мүмкіндік бермеңіз.

Жалпы ақпарат

Зақым келмеуі немесе істен шығарып алмау үшін:



Сақ болыңыз

- Құлаққапқа және таратқышқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды.
- Құлаққапты және таратқышты жерге түсіріп алмау керек.
- Құлаққапқа және таратқышқа су тамшылатуға немесе шашыратуға болмайды.
- Құлаққапты және таратқышты суға салуға болмайды.
- Құрамында спирт, аммиак, бензол немесе абразивті заттар бар тазартқыш заттарды қолдануға болмайды.
- Өнімді тазалау керек болса, қажетінше сумен немесе сұйылтылған жұмсақ сабынды сумен аздап қана суланған жұмсақ шүберекпен сүртiңiз.
- Ішкі батареяға күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу көздерінің әсер етуіне мүмкіндік бермеу керек.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылу қаупі туындайды. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы туралы мәлімет

- Температурасы -10°C (14°F) және 60°C (140 °F) аралығындағы (салыстырмалы ылғалдық 90%-дан аспайтын) жерде қолдану немесе сақтау керек.
- Температура одан жоғары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.

2 Сымсыз ТД құлаққабы

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: www.philips.com/support.


Осы толық өлшемді Philips құлаққабымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз режимде теледидарды ыңғайлы көру;
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару.

Қораптағы заттар



Құлаққап




Таратқыш




Антенна түтігі





2 x AAA қайта зарядталатын батарея



3,5 мм аудио кабель



AT/TT адаптері



Ауыстыруға болатын Ұлыбритания және GS айыры



Қысқаша нұсқаулық




Халықаралық кепілдік



Қауіпсіздік парақшасы

Сымсыз ТД құлаққабын шолу



- ① ЖШД индикаторы
- ② Құлаққапты зарядтауға арналған 3,5 мм айыры
- ③ Қуат кірісі
- ④ Арнаны таңдау қосқышы
- ⑤ Аудио кірісі (ТД-ға жалғау)
- ⑥ Қуатты қосу/өшіру
- ⑦ Зарядтау ұясы
- ⑧ ЖШД
- ⑨ Автоматты түрде реттеу (таратқышта арнаны таңдағаннан кейін)
- ⑩ Дыбыс деңгейі +/-

3 Іске кірісу

Сақ болыңыз


- AAA сілтілі батареяларын құлаққапты жұмыс істетуге үшін қолдануға болады, бірақ оларды жүйеде зарядтау мүмкін емес.

Ескертпе


- Құлаққапта Philips компаниясының қабы қысқартылған қайта зарядталатын NiMH батареяларын ғана қолданыңыз. Қайта зарядталатын батареялардың басқа түрлерін осы жүйеде зарядтау мүмкін емес.
- Құлаққапты алғаш рет қолданудан бұрын, батареяны кемінде 5 сағат зарядтаңыз.
- Аудио көзінің дыбыс деңгейі жеткіліксіз болса, таратқыш автоматты түрде өшеді.
- Батареяны зарядтаған кезде, таратқыш аудио сигналды таратпайды.

Бастау


- 1 Антенна түтігін таратқышқа орналастырыңыз.




- 2 Қуат адаптерін розеткаға, ал 3,5 мм айырды таратқышқа жалғаңыз.



- 3 Құлаққаптың сол жақ төсемін шешіп алыңыз. Бірге берілген 2 AAA батареясын салыңыз.



- 4 Құлаққапты зарядтау үшін зарядтау кабелін құлаққаптың зарядтау ұясына жалғаңыз. Таратқыштағы ЖШД «ЖАСЫЛ» түспен жыпылықтайды. Зарядтау аяқталған кезде, таратқыштағы ЖШД «ЖАСЫЛ» түспен тұрақты жанып тұрады.



Зарядталуда: «Жасыл» түспен
жыпылықтап тұр;

Зарядталу аяқталды: «Жасыл» түспен
жанып тұр.

2 Құлаққапты қосу

- Құлаққаптағы қуат түймесін басыңыз. Құлаққаптағы ЖШД «ЖАСЫЛ» түспен жанады.



3 Кіріс дыбыс деңгейін реттеу

- 3,5 мм аудио шығысы бар құрылғыда (мысалы, теледидар) жалғанатын құрылғының дыбыс деңгейі тым төмен болса, құлаққаптың дыбыс деңгейін көтеру нәтиже бермейді.

4 Автоматты түрде реттеу


- Сигнал арнасына автоматты түрде реттеу үшін құлаққаптағы автоматты түрде реттеу түймесін бір секунд басыңыз.




Жалғау

1 Аудио құрылғыны жалғау

- 3,5 мм аудио шығысы бар аудио құрылғыны жалғаңыз. Бірге берілген 3,5 мм аудио кабельдің бір жағын таратқыштың 3,5 мм аудио кірісіне, ал екінші жағын 3,5 мм аудио шығысына жалғаңыз.



- Ең жақсы арнаны таңдаңыз
- ↳ Кедергі байқалса, таратқыштағы басқа сигнал арнасына ауысыңыз. Одан кейін қайтадан реттеу үшін құлаққаптағы автоматты түрде реттеу түймесін басыңыз.



ЖШД күйлері

Күйі	Таратқыштағы ЖШД	Құлаққаптағы ЖШД
Ізделуде	Жоқ	Жасыл ЖШД жыпылықтап тұр
Байланыс орнатылды	Ақ ЖШД жанып тұр	Жасыл ЖШД жанып тұр
Батарея заряды аз	Жоқ	Жасыл ЖШД баяу жыпылықтап тұр
Зарядталуда	Жасыл ЖШД жыпылықтап тұр	Жоқ
Толығымен зарядталған	Жасыл ЖШД жанып тұр	Жоқ



Ақыл-кеңес

- Таратқыштағы ақ ЖШД 5 минуттан кейін сөнеді.

4 Техникалық деректер

Жалпы спецификациялар мен мүмкіндіктер

- Музыка ойнату уақыты (құлаққап варианты): 18 сағат
- Толық зарядталуға кететін әдеттегі уақыт: 6 сағат
- Жұмыс ауқымы: 100 метрге дейін (ашық жерде)
- FM шешімі

Тарату

- Оператор / қабылдау жиілігі: 863,53–864,53 МГц
- Таратқыш қуаты: <9 дБм

Батарея

- 2 x AAA NiMH 700 мА·сағ қайта зарядталатын батарея

Адаптер

- Philips: YLJXC-080040
- Кіріс ток: 100–240 В~, 50/60 Гц
- Шығыс ток: 8 В ТТ, 400 мА



Ақыл-кеңес

Өнімге қатысты қосымша қолдау алу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.philips.com/support.

5 Жиі қойылатын сұрақтар

Ешқандай дыбыс естілмейді.

- Қуат көзі мен адаптер дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз (5-беттегі «1. Аудио құрылғыны жалғау» бөлімін қараңыз).
- Дыбыс деңгейін тиісті мәнге реттегеніңізге көз жеткізіңіз.
- Батареялар зарядталғанына және батарея зарядтау ұясына дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз (5-беттегі «Іске кірісу» бөлімін қараңыз).
- Таратқыштағы ЖШД көк түсті екеніне көз жеткізіңіз.
- Батареялар қаулы. Спецификациялары дәл сондай жаңа батареяларды сатып алыңыз.

Дыбыс бұрмаланады.

- Аудио көзіндегі дыбыс деңгейі тым жоғары орнатылған.
- Құлаққап сигнал ауқымының шетіне жақын жерде. Оны таратқышқа жақындатыңыз.
- Құлаққап жақын жердегі электр жабдықтан кедергі алады. Таратқышты олардан алысырақ қойыңыз.
- Құлаққап қабырғалары қалың жерде тұр. Таратқышты олардан алысырақ қойыңыз.
- Арна параметрін реттеңіз (6–7-беттегі «Іске кірісу» бөлімін қараңыз).
- Аудио құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз.

Басымды қозғалтқанда, кедергі көлтіретін шу естіледі.

Кедергінің пайда болуына Bluetooth, WiFi, роутер немесе 2,4 ГГц құрылғылары сияқты басқа сымсыз құрылғы себеп болуы мүмкін. Сымсыз құрылғыны алысырақ қойыңыз.

Аудио сапасы нашар.

- Құлаққап сигнал ауқымынан тыс жерде. Құлаққап пен аудио құрылғының арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Арна параметрін реттеңіз (6–7-беттегі «Іске кірісу» бөлімін қараңыз).
- Аудио құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз.

Спецификацияда 100 метр жұмыс ауқымы белгіленген. Іс жүзіндегі ауқым неліктен одан аз?

Жұмыс ауқымын кедергілер шектейді, мысалы қалың қабырғалар, есіктер немесе төбе. Құлаққапты таратқышқа жақындатыңыз.

Қосымша қолдау алу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.philips.com/support.



Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілгері ретінде әрекет етеді.

